

2011 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз көлемінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № А-12/266 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 18 қаңтарда № 1-8-106. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 1153 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 06.11.2014 қарашадағы № 1153 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31 бабының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-2 тармақшасына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. 2011 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз көлемінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Егіндікөл ауданы әкімдігінің «2010 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз көлемінде жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» 2010 жылғы 1 сәуірдегі № а-4/66 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-8-94 тіркелген, аудандық «Шұғыла-Целинная нива» газетінде 2010 жылғы 9 мамырда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.С.Ысқақоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Сұлтанов

